

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**Теология факультеті**



**«БЕКІТЕМІН»**

Қабылдау комиссиясының  
төрайымы, университет ректоры

Ж.Темірбекова


« 22 » 05 2025 ж.


**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Дайындау бағыты: 6В022 – Гуманитарлық ғылымдар**

**Білім беру бағдарлама тобы: 6В33 – Дінтану және теология**

Құрастырғандар:

«Дінтану» кафедрасының меңгерушісі, PhD  Ф. Камалова

«Дінтану» кафедрасының аға оқытушысы  А.Бейсенов

Шығармашылық емтихан бағдарламасы «Дінтану» кафедрасының  
мәжілісінде талқыланды. Хаттама № 9 « 28 » 04 2025 жыл.

Кафедра меңгерушісі  Ф. Камалова

Факультеттің Оқу-әдістемелік комитетінде мақұлданды,

Хаттама №9 « 15 » 04 2025 жыл.

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы  Қ.Қалдыбай

Факультет деканы  С.Абжалов

Келісілді:

Академиялық мәселелер вице-ректоры  Э.Идрисова

Университет Оқу-әдістемелік комитетінде бекітілді

Хаттама № 10 « 22 » 05 2025 жыл.

## Мазмұны

1. Жалпы ереже	4
2. Шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі	5
3. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қабылдау шығармашылық емтиханын өткізу тәртібі	5
4. Апелляция	6
5. Шығармашылық емтиханды бағалау критерийлері	6
6. Шығармашылық емтиханның бірінші кезеңінің тақырыптары	7
7. Шығармашылық емтиханның екінші кезеңінің тақырыптары	8
8. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі	10

## 1. Жалпы ереже

«B033-Дін және теология» білім беру бағдарламалар тобы бойынша талапкерлер шығармашылық емтихандарға өтінішті белгіленген мерзімде тапсырулары тиіс.

Құжаттарды қабылдау Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ережелерімен белгіленген мерзімде жүзеге асырылады. Құжаттарды қабылдау мерзімдерін бұзуға ешқандай жағдайда жол берілмейді. Құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін талапкерге шығармашылық емтиханның өтетін орны мен күні туралы ақпарат беріледі.

«B033-Дінтану және теология» білім беру бағдарламалар тобына қабылдану үшін екі кезеңнен тұратын шығармашылық емтихан тапсырады:

I-шығармашылық емтихан: Талапкердің кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу;

II-шығармашылық емтихан: «Дін негіздері» бойынша ауызша емтихан.

Шығармашылық емтиханның бірінші кезеңі «талапкердің кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу» сұхбат түрінде өткізіледі, әр талапкерге 5-7 минут уақыт беріледі.

Шығармашылық емтиханның екінші кезеңі «Дін негіздері» бойынша емтихан билетіндегі сұрақтарға жауап беру негізінде ауызша өткізіледі. Емтиханның әр билеті екі сұрақтан тұрады. Шығармашылық емтихан сұрақтарының мазмұны «Зайырлылық және дінтану негіздері» атты мектеп оқулығы негізінде дайындалады. Сұрақтар талапкердің дінтану, дін тарихы, дін мен мәдениеттің өзара байланысы аясындағы білімін қарастырады. Сұрақтарға жауап беру үшін 7-10 минут уақыт беріледі.

Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады және әр шығармашылық емтихан 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша жоғары оқу орнына түсуші азаматтар, яғни колледжден соң жоғары оқу орнына қабылданатын талапкерлер бір шығармашылық емтихан тапсырады және 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

**Емтиханның мақсаты:** талапкердің «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша орта мектеп немесе колледждің оқу бағдарламасы аясында білім деңгейін анықтау.

**Емтиханның міндеті:** талапкерлердің «Зайырлылық және дінтану негіздері» оқулығының негізгі тақырыптары бойынша білім деңгейін анықтау;

- талапкердің емтихан сұрақтарына дұрыс және қисынды жауап бере білу қабілетін және өз ойын білдіре алатындығын бағалау;
- талапкердің дін, мәдениет және қоғам саласындағы ақпараттарды талдау машығын айқындау.

Шығармашылық емтиханды өткізу үшін мамандық бойынша емтихан комиссиясы құрылады. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Қабылдау комиссиясының төрағасы - университет ректорының бұйрығымен бекітілетін емтихан комиссиясының құрамы мамандық бейініне сәйкес, академиялық ғылыми дәрежелерге ие және де сала бойынша тәжірибелі жоғары білікті мамандар қатарынан құралады.

Шығармашылық емтиханның әр кезеңін өткізу қорытындылары, бағалау тізімдемесі емтихан комиссиясының хаттамасымен рәсімделеді.

Шығармашылық емтиханның әр кезеңінің нәтижелері сол күні жарияланады.

Шығармашылық емтиханды қайтадан тапсыруға рұқсат етілмейді.

## **2. Шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі**

Шығармашылық емтиханның кестесін (өткізу күні, уақыты және орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталмай тұрып, алдын ала кешіктірмей талапкерлерге хабарлайды.

Талапкерлер шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға жеке басын куәландыратын құжатты көрсетіп кіреді.

Шығармашылық емтихан басталғанға дейін талапкерге шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі түсіндіріледі, шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты және орны, апелляцияға өтініш беру процедуралары айтылады.

Шығармашылық емтихан басталған соң, әр талапкерге емтихан билетін кездейсоқ тандауға мүмкіндік және дайындалу үшін 1 (бір) сағат уақыт беріледі.

Талапкер дайындық уақыты аяқталған соң, емтихан комиссия мүшелеріне жауап беруге дайын екені туралы хабарлайды.

## **3. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қабылдау шығармашылық емтиханын өткізу тәртібі**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне құжаттарды қабылдау туралы мүмкіндігі шектеулі азаматтар өз өтініштерінде шығармашылық қабылдау емтихандарын өткізу кезінде арнайы жағдайларды жасау керектігін мәліметінде атап көрсетеді.

Арнайы жағдайлар жасау қажеттілігі туралы мәліметі бар қабылдау туралы өтініштің негізінде талапкерлерге келесі жағдайлар ұсынылуы мүмкін:

- Қабылдау комиссиясы төрағасының рұқсатымен шығармашылық қабылдау емтихандары бөлек аудиторияларда өткізіледі.

- Талапкерлерге басқа талапкерлермен бірге шығармашылық емтихандар өткізуге рұқсат етіледі, егер емтихан тапсыру кезінде оқуға түсушілер үшін қиындықтар туғызбаса.

- Талапкердің ерекшеліктерін ескере отырып (жұмыс орнына отыру, қозғалу, оқу, жазу не тапсырманы рәсімдеу, сурет пен сызбаны орындаудан

басқа тапсырмаларды орындау, т.с.с.), аудиторияда қажетті техникалық көмек көрсететін ресми көмекшінің (тыютордың) шығармашылық емтихан кезінде бірге болуына рұқсат етіледі.

- Қабылдау комиссиясының шешімімен талапкерлерге арналған шығармашылық емтиханның ұзақтығы ұзаруы мүмкін, бірақ 1,5 сағаттан аспауы керек.

#### **4 Апелляция**

Қабылдау емтихандарын өткізу кезеңінде шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсырушы адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында ректор бұйрығымен, төрағасын қоса алғанда, құрамы тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляцияға өтінішті шығармашылық емтихан тапсырған азамат апелляциялық комиссия төрағасының атына өтініш береді. Апелляциялық өтініш шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін, келесі күнгі сағат 13:00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия өтінішті бір жұмыс күні ішінде қарайды.

Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады.

Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен рәсімделеді.

«Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу» шығармашылық емтиханының бірінші кезеңі сұхбат түрінде өтеді, сондықтан бірінші кезең бойынша апелляция көзделмеген.

#### **5 Шығармашылық емтиханды бағалау критерийлері**

Талапкердің білімін бағалау - 50 балдық шкала бойынша анықталады.

- **«Өте жақсы» бағасы 40-50 балл;**

1) талапкер оқу материалын жан-жақты, терең және жүйелі түрде біледі, жауап кезінде салалық терминологияны дұрыс қолданады, жауаптары дәл, дәйекті және қисынды баяндайды;

2) Осы мәселе бойынша өз ойын нақты білдіре алады және Комиссия мүшелерінің сұрақтарына нақты жауап береді.

- **«Жақсы» бағасы 27-39 балл:**

1) талапкер жауап беру барысында сұраққа жан-жақты жауап береді, салалық терминологияны да белгілі деңгейде қолданады, жауаптарды дәйектеу барысында кейбір жеңіл қателіктер жібереді;

2) теориялық сұрақтарға толық және дұрыс жауап береді, мысалдар да келтіреді, бірақ өз ойын нақты білдіруі жеткіліксіз;

**- «Қанағаттанарлық» 10-26 балл:**

1) теориялық сұрақты толық және дұрыс айтады, бірақ мысалдар келтірмейді;

2) сұрақтарға нақты жауап бермейді және ашып айта алмайды.

**- «Қанағаттанарлықсыз» бағасы 0-9 балл:**

1) жауап беру кезінде оқу материалын білудегі олқылықтар анықталды, жауап беру кезінде бірқатар өрескел қателіктер жіберілді;

2) салалық терминологиядан хабары жоқ. Сұрақтың мәнін түсінбеген.

Колледжден соң, жоғары оқу орнына қабылданатын талапкердің білімін бағалау - 20 балдық шкала бойынша анықталады.

**- «Өте жақсы» бағасы 16-20 балл;**

1) талапкер оқу материалын жан-жақты, терең және жүйелі түрде білуі керек, жауаптарда салалық терминологияны дұрыс қолдана отырып, дәл, дәйекті және қисынды баяндалуы керек;

2) Осы мәселе бойынша өз ойын нақты білдіре алады және Комиссия мүшелерінің сұрақтарына нақты жауап береді.

**- «Жақсы» бағасы 10-15 балл:**

1) талапкер жауап бергенде кейбір жеңіл қателіктер жіберіп, нақты жауап бермейді;

2) нормативтік құжаттарды талдай алады.

**- «Қанағаттанарлық» бағасы 5-9 балл:**

1) теориялық сұрақты толық және дұрыс айтты, бірақ мысалдар келтірмейді;

2) жауапты нақты және ашып айта алмайды.

**- «Қанағаттанарлықсыз» бағасы 0-4 балл:**

1) жауап беру кезінде оқу материалын білудегі олқылықтар анықталды, жауап беру кезінде бірқатар өрескел қателіктер жіберілді;

2) терминологияның болмауы немесе дұрыс болмауы. Даму тарихы мен сұрақтың мәнін түсінбеген.

**6 Шығармашылық емтиханның бірінші кезеңінің тақырыптары**

Кәсіби жарамдылығын анықтау үшін сұхбаттасу кезінде талапкерге келесі тақырыптар бойынша сұрақтар қойылуы мүмкін:

1. ЖОО-ға түсу барысында «В033-Дінтану және теология» білім беру бағдарламасын таңдау себебін түсіндірсеңіз.

2. Адам өміріндегі діннің рөлін ашып айтыңыз.

3. Діни наным-сенім бостандығы туралы көзқарасыңыз.

4. Діндар адамның бейнесін сипаттап беріңіз.

5. Адамзат тарихы мен мәдениетіндегі діннің орны және

6. Қазіргі әлемдегі экстремизм терроризмнің шығу себептері. Мысал келтіріңіз.

7. Қазақстан Республикасының Ата заңында жазылған «зайырлы мемлекет» ұғымын түсіндіріңіз.

8. Қазіргі Қазақстандағы дінаралық сұхбат жайлы пікіріңіз.
9. Дін мен мәдениет байланысын талдап беріңіз.
10. Діннің адамды қалыптастырудағы қызметтерін көрсетіңіз.
11. Толеранттылық ұғымына қатысты ойыңыз.
12. Конфессияаралық қатынасқа сипаттама жасаңыз
13. Еліміздің астанасында өтетін Әлемдік және дәстүрлі дін лидерлерінің съезі туралы білетіндеріңізді баяндаңыз.
14. Қазіргі қазақстандағы ислам дінінің рөлі.
15. Тәңірлік дінінің тарихымыздағы орны.
16. Қазақстандағы православ дінінің орны.
17. Абай шығармаларындағы діни сенім. Абайдың қара сөздерінен мысал келтіріңіз.
18. Ғылым мен діннің байланысына қатысты түсінігіңіз.
19. «Тірі жанға зиян тигізбеу» қағидасын қалай түсінесіз.
20. Исламдағы ғылым мен білімнің орны.
21. Ортағасырлық Қазақстан мәдениетіндегі мұсылман ғалымдарының рөлі.
22. Әлемдік діндердегі әділеттілік және ізгілік қағидалары.
23. Дінді ғылыми тұрғыдан зерттеу маңыздылығы.
24. Қазіргі қоғамдағы дінтанушы маманның орнын талдап беріңіз.
25. Сіз тұратын аумақта таралған діндер мен діни ұйымдар туралы айтып беріңіз.
26. Дін - адамдар арасында қақтығыс көзі болуы жайлы пікіріңіз.
27. Қазақстанның дін саласындағы саясатына баға беріңіз.
28. Діни рәсімдерді орындауды түсіндіріңіз. Мысал келтіріңіз. Сопылық ілімі, Қожа Ахмет Ясауи жайлы түсініктеріңіз.
30. «Діни фудаментализм», «діни-саяси экстремизм» туралы пікіріңіз.

### **7. Шығармашылық емтиханның екінші кезеңінің тақырыптары**

1. Исламдағы негізгі бағыттар. Ханафи мазхабының сипаттамасы.
2. Ежелгі Месопотамия құдайлары.
3. Ислам тарихындағы сопылық.
4. Протестантизм. Жалпы сипаттамасы.
5. Исламдағы сүннеттің рөлі.
6. Ортағасырлық Қазақстандағы исламның рөлі. Мұсылман ғалымдарын атаныз.
7. Шаманизм. Жалпы сипаттамасы.
8. Қожа Ахмет Ясауи. Ілімі және өмірі.
9. Миф анықтамасы. Мифтерге мысал келтіріңіз.
10. Исламдағы жиһад түсінігі.
11. Қазақстандағы католицизм.
12. Иса Мәсіх және христиан дінінің пайда болуы.
13. Исламдағы әділдік және бейбітшілік принциптері.
14. Конфуций ілімінің негізгі принциптері.

15. Қазіргі Қазақстандағы православие.
16. Этносаралық конфессияаралық келісімнің Қазақстандық үлгісі. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездері.
17. Мұсылманның негізгі мерекелері.
18. Христиандықтағы жақын адамдарға деген сүйіспеншілік принципі. Көрнекті мұсылман ғалымдары. Әл-Фараби мұрасы.
20. Индуизмдегі «тірі жанға зиян келтірмеу» принципі.
21. Исламдағы білім мен ғылымның орны.
22. Христиан дінінің мерекелері.
23. Ежелгі Түріктер: Орхон-Енисей қолжазбаларындағы діни-космологиялық көзқарастар.
24. Діннің анықтамасы.
25. «Діни сенім бостандығы» түсінігі.
26. Политеизм және политеистік діндерге мысалдар келтіріңіз. Монотеизмнің анықтамасы.
27. Қазақстан Республикасының дін туралы заңнамалары.
28. Діннің адамзат тарихы мен мәдениетіндегі рөлі.
29. Қазақстан аумағындағы исламның таралуы.
30. Ежелгі Мысырдың діни наным-сенімдері.
31. Қазіргі Қазақстандағы дінаралық сұхбат.
32. Ежелгі Греция және Ежелгі Римнің діни наным-сенімдері. Діннің қызметі.
34. Буддизм - әлемдік дін ретінде.
35. Діни толеранттылық ұғымы.
36. Қазақстан аумағында христиан діні. Жалпы сипаттамасы.
37. Діни экстремизм мен терроризм мәселесі.
38. Қазіргі Қазақстандағы ислам. Жалпы сипаттамасы.
39. Ежелгі адамдардың сенімі. Фетишизм, анимизм, тотемизм, магия. Қазақ халқының тарихындағы тәңіршілдіктің рөлі.
41. Ежелгі Үндістандағы діндер. Жалпы сипаттамасы.
42. Абай шығармаларындағы дін. Абайдың қара сөзінен мысал келтіріңіз.
43. Мемлекет пен дін арасындағы зайырлылық қатынас принципі.
44. Абай мұрасында махаббаттың үш түрі.
45. Сенім діннің рухани негізі ретінде.
46. Иудаизм монотеистік дін ретінде.
47. Атеизм тұжырымдамасы.
48. Буддизмнің «Төрт ақиқаты».
49. Христиандықтың негізгі бағыттары. Будда сөзінің мағынасы: «Осы Дүниеде ешқашан жеккөрушілік жеккөрушілікпен тоқтамайды, бірақ жеккөрушіліктің болмауы оны тоқтатады»,
51. Құран - бұл мұсылмандардың қасиетті кітабы. Жалпы сипаттамасы.
52. Христиан дінінің өсиеттерінен мысал келтіріңіз.
53. Мұхаммед пайғамбардың өмірі және исламның пайда болуы.
54. Христиандықтың басты сенім негіздері.

55. Қазақстандағы протестантизм. Негізгі бағыттар.
56. Інжіл - әлем мәдениетінің ескерткіші ретінде.
57. Ислам дінінің негіздері.
58. Діни радикализмнің және діни экстремизмнің таралуының себептері.
59. Мартин Лютер және протестантизмнің пайда болуы.
60. Дінді зерттеудегі объективтілік принципі.

#### **Ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

Талапкерлердің шығармашылық емтиханды дайындалу мақсатында келесі әдебиеттер тізімі ұсынылады:

1. Кенжетаев Д.Т., Сайлыбаев Ә.Ә. Зайырлылық және негіздері. Жалпы білім беретін орта мектептің 9-сыныбына арналған оқулық.- Астана: «Арман-ПВ», 2016
2. Ғ.Есім. Дінтану негіздері. Орта мектеп 9 сыныпқа арналған оқулық. 2004, 2010
3. Орынбеков. М.С., Қазақ сенімдерінің бастаулары. Қазақ университеті. А., 2002.
4. Яблоков.И.Н., Религиоведение. Учебное пособие и учебный словарь-минимум, М.Гардарика, 2002
5. С.Хизметли. Діндер тарихы. Анкара.,1993
6. А.Асаоглы. Діндер тарихы. Оқу құралы. Тұран баспасы. Түркістан. 2011.
7. Кожә Ахмет Ясауи, Диуани Хикмет. А., 2005
8. Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары
9. Религии мира. Энциклопедия. Москва, 2007.
10. Василев Л.С. История религий Востока. 8 изд. Москва, 2006.
11. Бейсенов А. Діндер тарихы. Оқу құралы, Тұран баспасы. – Түркістан 2022ж.
12. Бейсенов А. Діни философия. Оқу құралы, Adal kitap баспасы. – Алматы 2024ж.